

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
Т.Қ.ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ



Жазғы (қосымша) семестрді
үйымдастыру туралы ереже

Нормативті құжат түрі

Баспа №2 «26» қараша 2020ж.

П 017-1.29-2017

**ЖАЗҒЫ (ҚОСЫМША) СЕМЕСТРДІ ҮЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Алматы қаласы, 2020

Гылыми кеңес шешімімен

Бекітілді

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт министрлігі

«Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ

ұлттық өнер академиясы» РММ

2020 жылғы «26» қарашадағы

№4 хаттама

Жазғы (қосымша) семестрді ұйымдастыру туралы
Ереже

Жалпы ережелер

1. Жазғы (қосымша) семестр ақылы негізде академияның академиялық күнтізбесіне сәйкес ұйымдастырылады және қосымша оқуға, оку жоспарларындағы берешек немесе пән айырмашылығын жоюға (бітіру курсын қоспағанда) бағытталған.
2. Академиялық күнтізбеле сәйкес жалпы жазғы семестрдің ұзақтығы 6 аптаны құрайды. Бір кезеңде оқуға ықтимал кредиттердің ең көп саны 22 ECTS кредитті құрайды.
3. Жазғы семестрді тіркеуге білім алушылардың келесі санаттары жіберіледі:
 - академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысушылар;
 - алдыңғы академиялық кезеңдердің пәндері бойынша академиялық қарыздары барлар (Қазақстанның қазіргі заман тарихынан басқа);
 - басқа ЖОО-нан, Академия ішіндегі мамандықтан мамандыққа ауыстырылған студенттер.
 - жұмыс оку жоспары пәндерінің айырмашылығына байланысты академиялық қарыздар.
4. Жазғы семестрге қатысу үшін жазуды және тіркеуді факультет деканаты мен офис тіркеуші бөлімі студенттің өтініші және пәндер бойынша кредиттердің толық санын төлеу негізінде жүргізеді.
5. Бұл ретте төлем тарифтерге сәйкес бір кредиттің құнын есептеу бойынша жүргізіледі.
6. Академиялық қарызы бар, кредиттер саны 22 кредиттен асатын студенттер жазғы семестрге жіберілмейді және қайта оқу курсына қалдырылады. Білім алушының қайта оқудан өтуі туралы шешім факультет деканының ұсынысы бойынша қабылданады және тиісті бұйрықпен ресімделеді.
7. Студент кез келген пәнді оқу барысында тек екі рет қайталай алады.

8. Академиялық қарыз пәндер келесі семестрде оқылатын пәндер үшін пререквизиттер болып табылмайды.

9. Факультет деканы студенттерге жазғы семестрдің басталуынан 2 ай бұрын оның шарттары мен ережелері туралы хабарлауға міндettі.

10. Көрсетілген мерзім ішінде жазғы семестрге қатысуға өтініш білдірмеген студенттер жазғы семестрге қатысуға жіберілмейді.

11. Жазғы семестрге қатысады тіркеу туралы студенттердің өтінімдері ректордың атына пәндердің атауларын (әр пән бойынша кредиттер санын көрсете отырып) және оқыту тілін көрсете отырып беріледі, жазғы семестрде жарияланған кредиттер санының төленгенін растайтын түбіртектің көшірмесі қоса беріледі. Егер өтінім нысаны сақталмаса, көрсетілген қаржылық құжаттың көшірмесі болмаса, жазғы семестрге тіркеу жүргізілмейді.

12. Офис тіркеуші бөлімі студенттердің санын көрсете отырып, пәндер мен оқыту тілдері аясында жазғы семестрге қатысу үшін студенттер контингенті туралы мәліметтер базасын құрайды.

13. Офис тіркеуші бөлімі қалыптасқан мәліметтер базасы негізінде студенттердің тегі, пәні және оқыту тілі көрсетілген жазғы семестрге қатысуға туралы бұйрық шығарады.

14. Жазғы семестрге сабак кестесін уақтылы қалыптастыру үшін кафедра менгерушілері жазғы семестрде жұмыс істеуге мәлімделген оқытушылардың кандидатураларын офис тіркеуші бөліміне ұсынуға міндettі.

15. Оқытушы ағымдағы және аралық бақылаудың барлық түрлерін жүргізеді және студенттердің оқу жетістіктерінің нәтижелерін platonus.kaznai.kz білім порталына тіркейді.

16. Жазғы семестрде емтиханнан алған оң қорытынды баға игерілген пән бойынша белгіленген кредиттердің санымен толықтыруға негіз болады және студенттің транскриптіне енгізіледі.

17. Басқа университеттен ауысу, қайта қалпына келтіру немесе академиялық демалыстан оралу кезінде академиялық қарыз немесе айырмашылық болған пәндер бойынша емтихандардың нәтижелері ағымдағы оқу жылының GPA болып табылады.

18. Жазғы семестр аяқталғаннан кейін GPA қайта есептеу арқылы студенттерді келесі курстарға төмендегі көрсеткіштер бойынша ауыстырылады (28.06.2016 ж. №11 хаттама):

- 1 курстан 2 курсқа өту GPA - 2,00 балл;
- 2 курстан 3 курсқа өту GPA - 2,33 балл;
- 3 курстан 4 курсқа өту GPA - 2,67 балл;
- 4 курстан 5 курсқа өту GPA - 2,67 балл.

Офис тіркеуші бөлімінің басшысы



Шомшекова А.А.

Келісілді:

Оқу және оқу-әдістемелік жұмысы
жөніндегі проректор



Амирбеков Ш. А.

Оқу үдерісін ұйымдастыру және
мониторинг қызметінің басшысы



Турдалиева Б.К.

Заң бөлімінің басшысы



Сейтбекова Г.Д.

Қызыметкерлердің күжатпен танысу парагы

(Күжгаттын атаяуы жэне индекси)